

положительный опыт, накопленный национально-правовыми системами в этой сфере и перед ними стоят новые вызовы [7].

Глобализация, распространение международно-правовых стандартов, интернационализация соответствующих международно-правовых требований оказываются, таким образом, взаимосвязанными. И именно поэтому, в русле общего процесса правовой интеграции, участником которого с конца XX в. является и Казахстан, сближение казахстанского законодательства с этими стандартами является естественным и необходимым.

Список литературы

- 1 Фойницкий И.Я. Курс уголовного судопроизводства. - СПб, 1912. - Т.1. - 415с.
- 2 Хабиров Р.Ф. Глобализация, государственный суверенитет, права человека//Юридический мир. – 2007. - № 10. – С. 45-49
- 3 Козьявин А.А. Особенности обеспечения прав личности в правовой системе Англии: судебно-организационный и уголовно-судопроизводственный аспекты//Известия Юго-Западного государственного университета. - 2016. - №4. – С.189-198
- 4 Корнукова Е. В. Конституционно-правовой аспект сбалансированности прав личности в уголовном судопроизводстве//Вектор науки Тольяттинского государственного университета. Серия: Юридические науки. – 2014. - №2.- С.65-67
- 5 Маткаримов К. К. Некоторые концептуальные вопросы гуманизации уголовного судопроизводства Республики Узбекистан//Судебная власть и уголовный процесс. -2015.- №4.- С.37-40
- 6 Жумашева М. Б. Некоторые вопросы имплементации норм международного права в области прав человека в уголовном законодательстве Кыргызской Республики//Вестник Кыргызско-Российского славянского университета -. 2014. - №14.- С.175-177
- 7 de la Rosa GE, Sow CB (2014) International Cooperation Development and Universal Human Rights: New Challenges. J Civil Legal Sci 3:e117. doi:10.4172/2169-0170.1000e117

ҚЫЛМЫС ҚҰРАМЫНЫҢ ЭЛЕМЕНТІ РЕТІНДЕ ОБЪЕКТІНІҢ МӘНІ

Алибаев Р., Мурадалиев Ш., Таласпаев Ж.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, заң факультетінің магистранттары

Қоғамдық қатынастар - бұл адамзат қоғамында бар «қатынастардың» жалпы санатының күрделі түрлерінің бірі. Қылмыстық заңнамада, тұтастай алғанда, қылмыстық қолсұғушылықтан қорғалатын маңызды қоғамдық қатынастардың шеңбері көрсетілген. ҚР ҚК-нің басым міндеті «адамның, азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін» қорғау болып табылады [1].

Қылмыстың объектісі туралы ақпарат қылмыстың заңды белгілерін ашуға, қылмыс құрамы деңгейінде оның моделін тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Қылмыстың объектісі деп - қылмыстық қолсұғушылықтан, зиян келтіретін немесе зиян келтіруі мүмкін және қылмыстық заңмен қорғалатын іс-әрекет деп түсінеміз. Сонымен қатар бұл анықтама неғұрлым толық және дұрыс келесідей келтіруге болады «қоғамдық қауіпті әрекетке бағытталған және оған зиян келтірілген немесе зиян келтірудің нақты қаупі жасалатын, қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастар» деп қарастыруымызға болады.

Қылмыстық құқық теориясында объектінің көптеген анықтамалары бар, олардың кейбіреулері объект пен мүдде ұғымдарының жиынтығын құраумен ерекшеленеді. Сонымен, Б.С.Никифоровтың пікірінше мүдде қоғамдық қатынастар құрылымының бір бөлігі болып табылатындығын ескере отырып, объектіні қылмыс бағытталған қоғамдық мүдде ретінде анықтады, Е.Қ.Қаиржановтың пікірінше барлық қылмыстардың ортақ объектісі ретінде халықтың мүдделерін қарастырады.

Авторлардың объектіге берген анықтамалары «қоғамдық қатынастар» және «мүдде» ұғымдарының ұқсастығын көрсетеді, бірақ ол ұқсастығы мен сәйкестігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік бермейді.

«Қоғамдық қатынастар» термині «мүдделер» ұғымына қарағанда кеңірек, кейбір авторлардың пікірінше «қылмыстың объектісі ретінде қоғамдық қатынастардың мазмұнына субъектілердің заңмен қорғалатын мүдделері енгізілуі керек» деп санайды [3,113].

Б. С. Никифоровтың пікірінше, қоғамдық қатынастар «адамдардың қоғамдық өмір сүру процесіндегі қарым-қатынасы, бұл ерекше құбылыс» деп айтқан. Осылайша, «қоғамдық қатынастар» термині қылмыс объектісін түсінудегі негізгі ұғымға айналды.

Қылмыстық құқық теориясындағы проблема - тек қылмыс объектісін дұрыс анықтау мәселелерінде ғана емес, сонымен қатар олардың дұрыс жіктелуі мен қолданыстағы түрлерінде де кездеседі. Ғылыми тұрғыда қылмыс объектілерін жіктеудің екі негізі бар: тігінен және көлденен.

Қылмыстық құқық ғылымында қылмыс объектілерін құру мәселесі бойынша әртүрлі көзқарастар бар.

В. Д. Меньшагин келтірген объектілердің жіктелуі: қылмыстың жалпы, топтық және тікелей объектілері ғылыми тұрғыда қайта қарауды қажет етеді. Объектілердің тік құрылысына қатысты мұндай көзқарас бұрын ғылыми теорияда басым болған, бірақ соңғы кезде объектілер түрлерінің осындай нұсқасымен келіспейтін пікірлер мен дәлелдер көбейіп келеді.

Н.И.Коржанскийдің пікірінше объектілерді келесідей төрт түрге бөлуге болады:

- «1) жалпы объект (құқықтық тәртіп - қоғамдық қатынастардың барлық жиынтығы)
- 2) топтық объект (қоғамдық қатынастардың бір саласын құрайтын, біртекті қоғамдық қатынастардың жеке тобы мысалға меншік, тұлға және т.б.),
- 3) түрлік объект (бір адамның қоғамдық қатынастары - өмір, жеке меншік және т.б.)
- 4) тікелей объект (нақты қоғамдық қатынас- И.И. Ивановтың өмірі, Е. Е. Егоровтың жеке меншігі және т.б.)» [5,27].

Басқада авторлардың пікірінше, «объектілердің төрт сатылы жіктелуі», бұл біріншіден, ғылыми тұрғыдан тұрақты, өйткені ол жалпы, ерекше, жеке және нақты категориялардың философиялық және логикалық арақатынасын көрсетеді, екіншіден, жалпылаудың әр түрлі деңгейлеріндегі объектілердің өзара байланысы мен өзара енуі арқылы белгілі бір қылмыстың ішкі әлеуметтік қауіптілігін терең және толық түсінуге мүмкіндік береді, бұл құқық қорғау органдарының әлеуметтік игіліктерінің барлық спектрін қамтиды». «Қылмыс объектісінің нақты түсінігін енгізу - жеке мен топтық арасындағы айырмашылық - оларды саралауға, яғни қылмыстың тікелей объектісі ұғымын нақтылау, бұл біріктіру және ауысу ықтималдығын төмендетеді» [6,15].

Қылмыс объектілерінің төрт буынға жіктелуі, үш буынға қарағанда, қылмыстық құқықтағы объектілерді тігінен бөлудің дұрыс жүйесі болып табылады.

Ресейлік қылмыстық құқық оқулығының авторларының пайымдауынша қылмыстық заңнамамен қорғалатын қоғамдық қатынастарды нақтылау және дамытудың неғұрлым тиісті үрдісі және осының салдарынан оларды қорғауға және қылмыстық-құқықтық нормаларды дұрыс қолдануға ықпал ететін бес буынды жіктеу ұсынылады, осыған байланысты:

- 1) жалпы объект-қылмыстық заңмен қылмыстық қол сұғушылықтан қорғалатын барлық қоғамдық қатынастардың, мүдделердің жиынтығы,
- 2) біріктірілген (топтық) – тығыз қоғамдық қатынастар тобы, олардың негізінде қылмыс құрамы жеке тарауларға біріктіріледі,
- 3) топтық-біртекті қоғамдық қатынастар тобы,
- 4) түр - Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің нақты бір нормасымен қорғалатын объект,
- 5) тікелей-зиян келтіретін нақты әлеуметтік қатынас [6].

Жалпы объект дегеніміз - қылмыстық заңмен қылмыстық қол сұғушылықтан қорғалатын барлық қоғамдық қатынастардың жиынтығы.

М. И. Федоровтың пікірінше, « қылмыстың жалпы объектісінен бас тартуға болады, өйткені соңғысы тек қоғамдық өмір құбылыстарының мазмұны жоқ тұжырымдама болып табылады және осыған байланысты жалпы объект ... қылмыстық әділет маңызды емес, бірақ қылмыстық құқықтағы ортақ объектінің орны мен атқаратын рөлі туралы мәселені шешудегі мұндай тәсіл толық негізделмеген.

Жалпы объект - бұл қылмыстарды басқа құқық бұзушылық түрлерінен ажырататын «сүзгінің» бір түрі, оның дұрыс анықтау яғни сот тергеу қателігінің болуына жол бермейді, өйткені бұл жағдайда қандай қылмыстық-құқықтық объектіге қол сұғушылық жасалғаны туралы мәселе шешілмейді, тек қылмыстың шынымен болған-болмағаны және жасалған қылмыс қылмыстық құқық бұзушылыққа жатқызылған-жатпағаны анықталады.

Әдебиеттерде көрсетілгендей қылмыстық-құқықтық қорғау объектісіне барлық қоғамдық қатынастар жатпайды, оларға тек ҚР ҚК 2-бабының 1-тармағына сәйкес нақты айқындалған қылмыстық заңмен қорғалатын әлеуметтік құндылықтарға әсер етуі және әсер етуі мүмкін қатынастар ғана жатады.

Құқық қолданушы жасаған құқық бұзушылықты бастапқы саралану, бұл қоғамның қылмыстық жағдайын, мемлекеттің қылмыстық саясатын, мемлекеттің жалпы құқықтық жағдайының көрсеткіші болып табылатын қылмыстардың жалпы объектісі ретінде қарастырады.

Жаңа қылмыстық заңнамаға дәлелдемелерді бұрмалау құрамын енгізу, бұл заң шығарушының қоғамдық қатынастарды қоғам мен мемлекет дамуының осы кезеңінде маңызды және өзекті деп анықтайтыны және нақты қылмыстық-құқықтық қорғауды талап ететіндігін куәландырады.

Қылмыстық құқық оқулығының авторлары топтық нысандар ретінде қоғамдық қатынастардың алты ауқымды саласын (блоктарын) бөліп көрсетті:

1) жеке тұлға, 2) экономика, 3) қоғамдық қауіпсіздік, 4) мемлекеттік билік, 5) әскери қызмет, 6) адамның бейбітшілігі мен қауіпсіздігі, олардан мемлекеттік билік дәлелдемелерді бұрмалау құрамының интеграцияланған объектісі болып табылады.

Қылмыстық құқықтағы топтық (арнайы) объект өзінің заңды табиғаты бойынша біртекті топты құрайтын қылмыстардан қылмыстық заңмен қорғалатын біртекті және өзара байланысты қоғамдық қатынастар тобын білдіреді және теорияда мұндай анықтама біржақты дұрыс деп қабылданады.

Топтық объектіні анықтау қылмыстық заңнаманың ерекше бөлімі шегінде қылмыстық әрекеттің анықталғанын және сәйкестігін табу қажеттілігін білдіреді, бұл заң шығарушы тиісті тарауларға сәйкес жасаған, оларды топтық объектілердің әртүрлі санаттарындағы маңыздылық дәрежесі бойынша заңға орналастырған.

Зерттелетін қоғамдық қатынастардың жалпы құқықтық формасын анықтау үшін алдымен олардың мазмұнын тікелей зерттеуді қажет етеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Кузнецов А.А. Экономика саласында сыбайлас жемқорлыққа қол сұғушылыққа қылмыстық-құқықтық қарсы іс-қимыл // <https://ома.мвд.рф> // Monografiya_Ugolovno-pravovoe_protivodeystvie

2. Агыбаева Л. Құжаттарды жасырғаны үшін қылмыстық жауапкершілік. Дис. канд. - Алматы, 2000. - 138 б.

3. Кеңестік қылмыстық құқық курсы. А. Пионтковский ред. - М., 1971.-Т6. -510 б.

4. Кеңестік қылмыстық құқық, Ерекше бөлім. П.И. Гришаева, Б.В. Здравомыслова. - М.: Заң әдебиеті, 1988. - 606 б.

5. Манаспаев М. Құқықтық реформаның жаңа кезеңі // Құқық газеті. №49 12.09.2003.

6. Бекбергенов Н.А. Қазақстан Республикасындағы құқық қорғау жүйесі. - Астана: ИКФ Фолиант, 2000. - 216 б.

ОТБАСЫНДАҒЫ ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Асабаева Ақбота Ализатқызы

Қазақстан Республикасы ПМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының жалпы заң пәндері кафедрасының оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Біз заңнамамызды ізгілендіру ісіне көбірек мән беріп, азаматтардың негізгі құқықтарын назардан тыс қалдырдық. Жыныстық зорлық-зомбылық, әйелдерге қатысты қылмыстарға қолданылатын жазаны шұғыл түрде қатайту қажет» - деген болатын [1].

Қазіргі уақытта Қазақстанда, бүкіл әлем секілді, күш қолданудың кең таралған әрі әлеуметтік қауіпті түрі отбасы ішіндегі зорлық-зомбылық саналады. Мәліметтерге жүгінсек, барлық ауыр зорлық-зомбылықты құқық бұзушылықтардың төрттен бір бөлігіне жуығы отбасы ішінде жасалады екен. Оның өзіндік себебі де жоқ емес. Сыйластығы жоқ отбасы ішінде қалыптасатын үлкеннің кішіге, әлсіздің әлдіге тәуелділік жағдайы салдарынан өздерін қорғауға қабілетсіз балалар, жасы ұлғайып, кәрілік егделеген адамдар, мүгедектер, әйелдер отбасылық қарым-қатынастар аясында барлық өлтірілгендердің үштен бір бөлігін құрайды. Отбасы ішіндегі жанжалдар нәтижесінде қайтыс болғандар немесе денсаулығына ауырлығы түрлі дәрежедегі зиян келтірілген адамдар зорлық-зомбылықты қылмыстық құқық бұзушылықтардан жәбірленгендердің түрлі санаттарының арасында алдыңғы орын алады.

Осыған байланысты, соңғы жылдары отбасы ішіндегі зорлық-зомбылықты қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-әрекет алдын алу субъектілерінің қызметінде басым сипат алып отыр, оған куә ҚР «Тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы» Заңының қабылдануы болып табылады.

Елдің түрлі аймақтарында жүргізілген зерттеулер, сондай-ақ отбасы ішіндегі зорлық-зомбылыққа қарсы іс-әрекет мәселелері бойынша ақпараттық-талдамалық материалдар жәбір көрушінің жағдайы, оның өмір сүру тәртібі, мінез-құлығындағы ерекшеліктер әлеуеті артық құқық бұзушымен өзара байланысының нысаны мен дәрежесі жиынтығында соңғыларының сана-сезімінде қылмыстық ниеттің туындауына ықпал етуі, оның қоғамға қарсы мақсатын ынталандыруы, қылмысты жасау тәсілі мен құралын айқындауы мүмкін екендігін көрсетіп отыр.

Сондықтан да аталған бағыт бойынша алдын алу қызметін уақытылы әрі пайдалы жүргізу үшін отбасы ішінде криминалдық зорлық-зомбылық жасайтын адамның жеке басын емес, сонымен қатар одан зардап шегетін адамның жеке басын да танып білу керек.

Отбасылық қарым-қатынастар саласында жасалатын зорлық-зомбылықты қылмыстық құқық бұзушылықтардың виктимологиялық аспектілерін зерделеу қылмыстық әрекеттердің сипаты мен бағыттылығы, қылмыстық құқық бұзушылықтардың механизмі туралы нақтырақ білім алуға, сондай-ақ оларды аталмыш қылмыстық құқық бұзушылықтың құрбандарына да профилактикалық ықпал ету жолымен алдын алу шараларының қалыптасқан жүйесін едәуір кеңейтіп, саралауға мүмкіндік береді.

Ер адамдардың биліктік қатынастары қағидасында ұйымдастырылған қоғамдарда әйелдерге қарсы зорлық-зомбылық заңды құбылыс ретінде түсіндіріледі. Қазір бұл кері бағыт та алған сыңайлы.

Отбасы ішіндегі зорлық-зомбылықты құқық бұзушылықтардан зардап шеккендердің арасында жасы ұлғайған адамдардың басым болуын 26-50 жас шектері халықтың